

□ **Магниттік-резонансты томография**

Магниттік-резонансты томографияның практикалық медицинада қолданылатын магнитті өрісінің қуаттылық диапазоны емделуші үшін ешқандай зияны жоқ.

Сондықтан, диагностикамен қатар, ауруды емдеу барысында динамикалық бақылау үшін де жиі қолданылады.

□ **МРТ әдістерінің артықшылықтары және мүмкіндіктері**

МРТ – бас және жұлын миы, омыртқа, буындар, іш қуысы (асқазан және ішекті қоспағанда) және кіші жамбас бөлігі ауруларын диагностикалауда ең тиімді әдістердің бірі. МРТ көп жағдайда, диагностиканың нақтылау әдістері ретінде қолданылады.

МРТ-ның басты артықшылығы – жоғары деңгейлі жұмсақ тінді контрасттың болуы (қарама-қарсы заттардың енгізілуінсіз түрлі жұмсақ тіндердің сапалы медициналық суреттерін алуға жағдай жасайтын) және сәулелік қуаттың болмауы.

Алайда, МРТ өкпе, асқазан, ішек және сүйекті түсіруде қолданылмайды.

□ **MPT өткізуге қарсы көрсеткіштер:**

- Үлкен металл импланттар
- Орналастырылған жүрек ширатқышы (MPT аппаратының магнитті сәулесі жүрек ширатқышы ырғағына кері әсер ету қауіптілігі бар)
- Бас миы тамырындағы қан тоқтатушы клипстер (MPT аппараты ми ішінен қан кету қауіптілігін туғызуы мүмкін)
- Илизарова аппаратының болуы (сүйек тіндері фрагменттерін белгілеуші арнайы аппарат)
- Емделушінің дене салмағының 120 кг. асып кетуі
- Жүректің жасанды қақпағы;
- Макияж және татуировка;
- Нерв ширатқыштарының болуы
- Емделушідегі клаустрофобия (жабық кеңістіктен қорқу сезімі)
- Жүктіліктің алғашқы 3 айы
- Емделушінің жағымсыз жағдайы психикалық немесе паникалық шабуылы, сондай-ақ емделушінің алкогольді немесе наркотикалық мас болуы
- Емделуші қимылсыз жату жағдайын сақтай алмау
- Емделушінің ауыр немесе өте ауыр жағдайы
- Ферримагнитті немесе электрлі протездер;

□ **Дайындық:**

Дәрігермен ақылдаса отырып, тексеріс күні және уақыты белгіленеді. Әдетте, ерекше дайындық талап етілмейді, тағам қабылдауда шектеулер жоқ.

Әйелдерге тексеріс етеккір циклын есепке ала отырып, жүргізіледі. Етеккір кезінде жатыр аумағынан ұйыған қан бөлшектері көрініп, ол полиппен шатастырылуы мүмкін.

□ **Тексеріс қалай өткізіледі?**

Тексеріс алдында құрамында металл бар барлық заттарды (түйме, кнопка, қыстырғыштар т.б.) шешу қажет. Телефон, механикалық сағаттар, ақпарат тасушыларды (видео, аудио лента, флэш-карта, пластик карточкалар) тексеріс кабинетіне алып кіруге рұқсат етілмейді. Тексеріс уақытында емделуші үнемі дәрігердің бақылауында болады. Егер тексеріс кезінде қандай да бір қиындық туған жағдайда, емделуші арнайы байланыс құралы арқылы дәрігермен байланыса алады. Кейде тексеріс кезінде, контрастты заттарды енгізу қажеттілігі туындауы мүмкін. МРТ тексеруіне арналған контрастты заттар – бұл тамыр арқылы 5-20 мл көлемінде енгізілетін гадолиния қосындысы. Негізінен, бұл әрекет ешқандай ауырсыну немесе жағымсыз әсерлер тудырмайды. Емделушінің негізгі міндеті – тексеріс аяқталғанға дейін қимылсыз жату (тексеріс ұзақтығы әдетте, 20-30 минутты алады). Қимылсыз жату арқылы тексерістің сапалы қорытындысына қол жеткізуге болады. Жұмыс барысында аппараттан қатты, бір қалыпты дауыс естіліп тұрады.

- Зерттеу нәтижелерін келесі күні, ал өте шұғыл жағдайда дәрігермен келісе отырып, 2-3 сағат көлемінде алуға болады.